

Ұйымдастырылған іс-шара

Тақырыбы «Біз кішкентай сарбаздармыз»

Мақсаты: Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсеткен барытлардың ерліктерін, жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды отан қорғауға, Ұлы отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үрету. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

1.Жүргізуші:Құрметті тәрбиешілер, балалар 7-мамыр Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймыз. «Біз кішкентай сарбаздармыз!» атты мерекемізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Әнұран орындалады

Жүргізуші:

Жауынгер біздің саңылақтар

Жауды жеңген солдаттар

Ардақта Отан- ел үшін

Бақытты туған жер үшін

Отан үшін мерт болғанды танып біл,

Оларды әсте ұытпайды халық бұл!

Ерлік даңқы ешқашанда өлмейді,

Батырлардың жүрегі отбоп жанып тұр!

Жеңіс күні құтты болсын,

Құтты болсын Аталар!

Ұмытпайды ешқашанда

Жауынгерді балалар.

(балалар сап түзеп мәңгі алау жанына сап түзейді)

Әнұран айтылады.

(басқарушының бұйрығы мен балалар орындарына барады)

2.Ән: «Ел қорғауға әзірміз»

3.Балалардын тақпақтары

Тебіренді тауын, желпінді далаң,

Көтерді көкке туларды ғалам.

Жеңістің ұлы күнімен сені,

Құттықтау үшін келіп тұр балаң.(Байғали)

Жеңіс келді далама,

Жеңіс келді ән болып.

Жеңіс келді қалама,

Келді ауылға сән көрік.(Аделя)

4.Би: «Сарбаздар»

5.Ясмина: Көлеңкесі жоқ көңілге күшті

Алтын мамырдың сәулесі түсті.

Дүниеге ұлы жеңіс келді деп,

Көгіне тағы ұшырды құсты.

Омар: Жеңіс-күні бар әлемге әйгілі

Көктем шуақ тоғызыншы май күні

Айтшы кане,біздің жеңіс шеруі

Кездейсоқ па көктемге тұс келуі!

6.Жүргүзіші: Бүгін біздің бүлдіршендеріміз әскері сапта жүру дайындықтарын көрсетеді.

7.Келесі кезекте «Әкелер сайысы»

8.Жүргүзіші: Балалармен ойын:

Ойын: «Күш сынаспақ» Викториналық сұрақтар: (балаларға арналған) 1. Біздің әскер күшті ме? (Күшті) 2. Бейбітшілікті қорғай ма? (Қорғайды) 3. Ұлдар әскерге бара ма? (Барады) 4. Қыздарды өздерімен бірге ала ма? (Жоқ) 5. Матрос деп кімді айтады? (Теңізшіні) 6. Ұшқыш шекарада тұра ма? (Жоқ) 7. Ол құстан биік ұша ма? (Иә) 8. Бүгін қандай мереке? (Жеңіс күні және Отан қорғаушылыр) 9. Қыздар мен аналар мерекесі ме? (Жоқ) 10.Бейбітшілік - өмірде ең қымбат нәрсе ме? (Иә)

Жүргізуші: Осымен «Біз кішкентай сарбаздармыз» ашық оқу іс-әрекетіміз аяқталды. Аспанымыз ашық болсын, бейбітшілік болсын, еліміз тыныш болсын! Тыңдап көргендеріңіз үшін көп-көп рахмет.





2025-2026 ж